

## ӨНЕР ТАРИХЫ

Ежелгі Этрусктер және Римнің  
Республикалық кезеңі





Этрусск халқы жалпы римдіктердің негізін қалаушы халық болды. Б.з.д. XII–IX ғасыр аралығында Этрусктер жалпы Италия территориясын мекен ете бастайды. Этрусктер өте еңбекқор, ізденімпаз халық болған еді. Италияның кейбір батпақты жерлерін құрғатып, егіншаруашылығымен айналысып, өз кәсіптерін дамыта бастайды. Олар қандай кәсіпті үйренбесін, не нәрсені шет халықтардан көрмесін тез үйреніп, соны өз өнеркәсібінде жедел дамытуға бейім болатын. Италия территориясын мекендеген олар әрине, антика мәдениетін, антика өнерін бірізді меңгеріп, өздерінің өнерімен сабақтастықта көрсете бастайды. Этруск мемлекеті әскери мемлекет болған жоқ. Ол ең бірінші діни мемлекет болды. Діни наным-сенімі өте жоғары еді. Тіпті өз мемлекетінің болашағын, кез келген алдағы болар оқиғаны болжау арқылы тұспалдап, алдын ала бақылап отыратын. Этрусктер егін, шарап шаруашылығымен қатар теңіз жолын, сауда кәсібін де өте тез меңгерді. Мысыр, Финикия, Иберияға дейін осындай сауда жолын жүргізіп, өз мемлекетінің экономикасын жедел көтереді. Этруск өнері Гректерді қайталамағанымен, бейнелеу өнерінде, бейнелеу қағидаларында біршама ұқсастықтар бар. Әсіресе, жерлеу культі жағынан этрусск халқының мәдениеті, өнері Ежелгі Мысыр өнерімен сабақтастық табатын. Олар да өмір осы өмірмен аяқталмайды, ол адам өлгеннен кейін келесі өмірде жалғасады деп сенген еді. Сондай сенім тұрғысынан олар өлген адамның орнын арнайы дайындап, оған қатысты жерлеу ғұрпын, жерлеу рәсімін орындап отырды.

Этрурия қалаларының қазіргі орнында жерасты галереялары бар. Мұндай галереялар зират қызметін атқарды. Әсіресе, олар бір-бірімен көше, жол арқылы байланысып жататын. Арнайы мұндай ғимараттардың пішіні гректің толос ғимаратының үлгісінде жасалып, терезесіз, ешқандай тіреу бағансыз жүзеге асқан еді. Төбелері жабылып, топырақ үйінділерімен тегістелді. Ғимараттың сырты барынша қарапайым көрінгенімен, іші өте әсерлі, әсем фрескалармен безендірілді. Фрескаларда этруссктер соғыс әрекетін, батальдық немесе тарихи көріністерді бейнелеуге бейім болған жоқ. Керісінше, тұрмыстық көріністер мейлінше кең көрініс тапты. Зираттардың ішкі қабырғаларындағы фрескалар негізінен той тойлау, көңіл көтеру, ән салып, би билеу көріністерінен тұратын. Жиірек спорттық жекпе-жектер, күресу, алысу, немесе жұдырықтасу секілді түрлері кездесіп отыратын. Кескіндемелік фрескалар Этруск мәдениетінің өлгеннен кейінгі өмірге сенгенін және мысырлықтар секілді оны трагедиялық тұрғыда қабылдамағанын байқатады.

Тарквиний қаласының маңында орналасқан некропольдердің бірінің ішінен осындай кескіндемелік фрескалар қатары кезігеді. Олардың бірінде күш қайраты мол жас жігіттер флейта ойнап көңіл көтеріп жүр. Бастарына лавр жапырағынан жасалған тәж киген. Үстеріндегі киімдері пішімі жағынан гректік үлгіге өте қатты ұқсайды. Алайда этруссктер ән-күйге, биге өте жақын халық болғандықтан күндізгі ауыр еңбекті кешкі осындай бас қосу отырыстармен жеңілдетіп, киімдерінде ашық әрі қанық түстерге жақын болды. Фрескаларында да ер адамдар мен әйел адамдар осындай қанық түстердегі киімдерде бейнеленген болатын. Тағы бір фрескалардан дастарқан басындағы көңілді отырыстарды көреміз. Осындай көңілді отырыстарда этруссктер әйелдерді еркектермен қатар бейнеленген.

Этрусктерге дейінгі антикалық грек мәдениетінде мұндай отырыстардан әйелдердің бейнесін көру мүлде мүмкін емес. Өйткені грек мәдениетінде әйел адам ешқашан көпшіліктің алдына қауымға шықпаған болатын. Олар өз бөлмелерінен де ұзамайтын. Әсіресе, ақсүйектердің әйелдері өз сарайларынан алыстамайтын. Әйелдері мен қыздары тігіншілікпен, тоқымашылықпен айналысып, тек бала тәрбиесінде ғана маңызды рөл атқаратын. Ал Этруск әйелдері керісінше әрқашан ер азаматтарының қасында, бір дастарқан басында көңіл көтеріп, олармен тең дәрежеде бейнеленді. Бұл этрусск әйелдерінің еркектермен дәрежесінің тең болғанын көрсетеді. Тіпті археологиялық қазба жұмыстары мен бізге дейін жеткен Римдік деректерде этрусск әйелдерінің еркектермен құқықтары бірдей болып, олар атқа отырғанын, гректік әйелдерге қарағанда өздерінің жеке есімдерінің болғанын айтады. Гректік әйелдер ата-бабаларының есімімен бірінші, екінші немесе үлкені немесе кішісі деп аты қосылып, жалғанып қана ажыратылатын. Ал, этрусск әйелдерінің әрқайсысының өзіне тиесілі жеке есімдері болды. Сонымен қатар, Этруск әйелдері үнемі өздерінің осы дүниедегі және о дүниедегі өмірінде айнаны қатар алып жүретін. Этрусктерде айна өте үлкен, маңызды рөлге ие. Айна ол екі дүниенің өткелі секілді қызмет атқаратын. Этрусктік әйелдердің айнаға, жеке әшекей бұйымдарға ие болуы олардың өз алдына жеке қазынасы мен



мүлкінің де болғанын айқындайды. Көптеген деректер этрусктік әйелдердің жеке құл ұстағанын, жеке үйі мен кәсібі болғанын да дәлелдеп берді. Әрине Этруск әдебиеті бізге нақты жетпесе де Рим мәдениеті өзінің керемет үлгілерін осы этрусктерден алғаны белгілі. Біз бүгінгі күні римдік сандар деп қабылдаған цифрлардың өзі Римдіктерге Этрусктерден келген еді.

Жерлеу некропольдеріндегі фрескалардың ішінде ерекше көзге түсетін бейнелердің бірі – спорттық ойын көріністері, атлеттердің бейнесі. Гректердегі секілді Этруск халқында да атлеттер жарысқа жалаңаш шығатын болған. Осылай жалаңаш шығу арқылы олар өздерінің дене бітімін, жарысқа деген дайындығын паш етеді. Этруск кескіндеме өнерінен біз әлі де болса шарттылықты, адам денесін бейнелеуде, мүсіндеуде мінсіздікке ұмтылмайтынын, бұл арқылы этруск мәдениетінің мейлінше еркін, тәуелсіз болғанын байқаймыз. Мүсін өнері зиратқа қойылатын қабір басы ескерткіштерінен бастау алады. Егер кескіндеме қабірханалардың қабырғасын безендіріп тұрған болса, Этрусктер адамдар жерленген саркофагтардың үстіне олардың толық тұлғалық мүсіндерін орнататын болған. Осындай күрделі жерлеу культімен байланысты Этруск өнері ерекше қызықты. Әдетте олар ерлі-зайыптыларға арналған отбасылық саркофагтар болды. Сондықтан да мұндай мүсіндер отбасылық ерлі-зайыптылардың бірлігінде сомдалған еді. Олар өте көңілді, ерекше жымыяста әсем көрініс тапты. Ер азамат әйелін құшағына алған күйі о дүниеге қуанышпен, ерекше бір шаттықпен аттанғандай. Осы дүниедегі өзінің өмірі үлкен бір қуанышпен өткендей әсер қалдыратын. Осындай салтанатты, отбасылық портреттер жасату аумақты адамдарға ғана мүмкін болды. Өйткені оларды тапсырыс беріп жасату үшін, қоғамдағы дәреже мен қаражатыңның болуы маңызды еді.

Отбасылық портреттер салтанаттылығымен ерекшеленсе, зираттардың ішінде тағы бір назарға түсетіні қыштан жасалған құмыра ыдыстар еді. Құмыра ыдыстар жалпы гректік амфораға ұқсас болғанымен, сыртқы бейнесі өрнектермен әспеттелмейтін. Ерекше тұсы олардың құлақтары адамның қолы ретінде бейнеленіп, ал қақпағы адамның басы ретінде мүсінделетін. Әдетте, этрусктер мұндай урна-каноптарға портреттік ұқсастық беруге талпынды. Көбінде дәл осындай урна-каноптар атлеттердің ескерткіштері ретінде жасалған болатын.

Этруск мүсін өнерінің тағы бір ерекше көрінісін б.з.д. 480 жылы қоладан жасалған «Химера» мүсінінен байқаймыз. Химера – құбыжық жануар. Бір қарағанда ол өзінің тылсым жаратылысымен таңғалдырады. Басы арыстан басты, денесі иттің денесімен мүсінделген, ал аяқтары тіпті түсініксіз. Тағы да бір жыртқыш аңнан алынған секілді. Құйрығы жылан денесінде иіріліп келіп, ұш жағы жыланның басымен аяқталады. Ал арқа тұсынан, бүйір жағынан түсініксіз тағы да бір элементті көреміз. Бұл ешкі басының бейнесі. Этруск мифологиясы, Этруск дүниетанымы жайында белгілі бір фантастикалық түсінік береді. Мұндай фантастикалық кейіпкер Этруск мәдениетінде болғандығын және оның шебер сомдалуы арқылы Этруск мүсіншілерінің кәсіби деңгейін де анықтаймыз. Этрусктердің әдебиеті бізге дейін сақталмағандықтан, олардың өнерімен, мәдениетімен тек қана осы жерлеу культі, қабірхана, ғибадатхана арқылы ғана таныса аламыз. Мәдениеті грек-антикалық кезеңімен сабақтастық тапқанымен өзіндік ерекшеліктерімен де айқын көрініс табады. Жерлеу ғимараттары шеңбер пішінінде келіп, оларды «тулумус» деп атаған. Мұндай некропольдер Тарквинийде, Цера қаласында, сонымен қатар Кловий жерінде де кездеседі.

Этрусктер өте керемет мәдениет қалыптастырды. Тіпті олардың қала мәдениетін, көше үлгілерін кейіннен Римдіктер бірізді түрде қабылдап алады. Бау-бақшаны өркендету, үйлерінде гүл өсіру секілді үлгілер де кейіннен римдіктерде көрініс табады. Рим өз мемлекетінің күрделі құрылымында этрусктердің кейбір дүниелерін бірізді пайдаланып, мызғымас үлкен империя құрады.

Италия территориясын б.з.д. IV ғасырдың соңында римдіктер жаппай басып алып, мекен ете бастайды. Олар Грекияны жаулайды, осылайша үлкен империя құрады. Алайда римдіктер тосыннан тың мәдениет қалыптастырмайды. Ол өзіне дейін сол территорияны мекендеген басқа да өркениеттермен ұдайы сабақтастықта болады. Рим мәдениетінің, Рим өнерінің қалыптасуына осылайша Этруск өнері және антикалық грек өнері тікелей ықпал еткен болатын. Римдіктер тіпті жаңадан миф жасауға да мұқтаж болмады. Олар бай антикалық грек мифологиясын өз ыңғайларына көшіре отырып, керексіз тұстарын қысқартып, қажетті тұстарын жаңалау арқылы жаңа миф жасады. Тек құдайларының аттарын өзгертіп қана көрсетті. Грек мифологиясындағы Зевс римдіктерде Юпитер, Гера – Юнона, Афродита – Венера түрінде көрініс тапты. Шарап құдайы



гректерде Дионис деп аталса, римдіктерде Вахх атауын иеленді. Рим мифологиясы жалпы қызметі мен атауында сәл өзгеріске түсіп, Рим мәдениетінің қалыптасуында дәл гректердікіндей рөл ойнаған жоқ. Өйткені, Рим әскери, өте жүйелі құрылған империя болды. Қала құрылысы мен мәдениетін дамытуда сәулеттік құрылыстарға ерекше ден қояды.

Римдіктерде аса танымал жеті шоқының бірі Капитолий деп аталып, оның төбесінде Рим өркениетінің қалыптасуы жайлы миф көрініс тапқан мүсіндік композиция орналасты. Ол Рим халқының символдық белгісіне айналған туынды болды. Көп фигуралы мүсіндік композиция көлденеңінен қаншық қасқыр мен оны еміп жатқан екі сәби бейнесінен тұрды. Қасқыр бейнесі сонау Этруск мәдениетінен бастау алады. Өйткені қола мүсіннің техникалық орындалуы мен дене бітімінің стилистикалық мәнерінің ерекшелігі жағынан Химера мүсінімен ұқсастық тапқан. Кейбір деректерде Б.з.д. II ғасырға дейін қасқыр мүсіні жалғыз тұрыпты. Сәби Ромул мен Рем мүсіні тек б.з.д. II ғасырда ғана толықтыралады. Мүсінге қатысты екі түрлі аңыз қалыптасқан.

Бірінші аңыз бойынша Рем мен Ромул соғыс құдайы Марстың егіз ұлдары. Қаншық қасқыр оларды емізіп аман алып қалады. Кейін олардың бірі қорған тұрғызса, екіншісі қорған сыртынан ор қазып, оның қорғанысын арттырады. Сол қорғанның ішінде кейін Рим халқы мен өркениеті қалыптасқан делінеді.

Римдіктердің пайда болу тарихын тағы бір аңызда Троя қаласымен байланыстырады. Троя қаласы күйрегеннен кейін халық өздеріне жаңа қоныс іздейді. Бірнеше жылға созылған бұл сапар халықты әбден торықтырады. Кеме Этрурия жеріне жетіп, дамылдау үшін жағаға тоқтайды. Оны тамашалау үшін халық кемеден түсіп, сейілдеп кеткенде, бітпес сапардан шаршаған бір әйел кемені өртеп жібереді. Көшіп-қонудан шаршаған ол сол Этрурия жерінен өзінің жаңа мекенін тапқандай болады. Мүсінді Троямен байланыстыратын тағы бір дерек Ромулды Энейдің ұлы ретінде баяндайды. Эней Трояның азаттығы үшін жан бере күрескен, алайда ол күйреген кезде қашуға мәжбүр болған троялық батыр. Осылайша, римдіктердің негізін троялықтар қалаған деген де түсінік қалыптасқан. Мүсіннің жалпы композициялық құрылымына зер салып қарар болсақ, әрине Ромул мен Ремді өсіріп, жеткізген қаншық қасқыр туралы миф мазмұны жақынырақ келеді.

Алып территорияда билік құрған Рим мемлекеті жалпы азаматтық борышты алдыға тартады. Кез келген әскери, билік басында отырған немесе қарапайым халық өкілі болсын, ол ең алдымен халық алдындағы азаматтық борышын бірінші орынға қоюы керек болатын. Рим мемлекеті қатаң билік жүйесін ойлап тауып, барлық адамдардың азаматтық борышы, ұждан алдындағы міндетін оның жеке тұлғалық қажеттіліктерінен жоғары қоятын. Мемлекеттік жүйе мен жекелеген адамдардың санасында идеологияға бағыну, қаталдық пен қатаңдық, мақсатшылдық басымдық танытады.

Рим мәдениетінің ұзақ уақытқа созылуы да осы азаматтық борышпен байланысты. Біз білетін үш жүз спартандықтарға да жігер берген осы азаматтық борыш, ұждан болған еді. Рим өркениеті алғашқы бастауында халықпен санасып, халықтың пікірімен ұдайы алмасып отырды. Осындай мақсатта олар қала орталығына форумдар салдыртты. Мұндай форумдар Рим қалаларының жоспары орталығында өзара қиылысатын екі көше арқылы шешілді. Екі көшенің тоғысқан жерінде жабық галереялы форум орналасты. Көп адамдарды сыйғызу үшін өте ауқымды көлемді шешім тапты. Форумды жағалай басқа да әкімшілік ғимараттар салынды.

Рим алғашқы республикалық кезеңінде б.з.д. IV ғасырдың соңынан б.з.д. I ғасырына дейін осындай азаматтық, республикалық, демократиялық позицияны берік ұстанады. Римдіктер ең алдымен әкімшілік, көпшілік, қоғамға қажетті ғимараттарды салдыра бастайды. Ол гимназиялар, яғни білім алу мектептері. Базиликалар, орта ғасырда бұл діни ғимарат болса, римдік кезеңде сауда-саттық орны болды. Сонымен қатар, форумдар, сот залы, акведуктер мен термдер, көпшілік дәретханалар мен моншалар да осы Рим кезеңінде үлкен қолданысқа ие болған. Тіпті римдіктер суды өте жақсы көріп, оны көп тұтынды. Сондықтан арнайы салынған акведуктер арқылы қалаға су құбырлары кіргізіліп, олар қаланың су бұрқақтарын, моншалар мен көпшілік дәретханаларды сумен қамтамасыз етіп отырды.

Б.з.д. III ғасырдың өзінде Рим территориясында екі мың жарымға дейінгі адамды сыйдыра алатын, үлкен көлемді моншалардың болғанын археологиялық қазба жұмыстары дәлелдеп берді. Римдіктер өздерінің сәулет құрылыстарында гректік тіреу-бағанды жүйені бірізді пайдаланды. Бірақ тіреу бағанды жүйе негізгі конструктивтік жүйе емес, керісінше декоративтік эле-



метенті болып табылды. Ғимаратты безендіріп әсемдеу үшін оның қасбетінде немесе сыртқы келбетінде ғана қолданылды. Римдіктер негізінен салмақты қабырғаға түсіре отырып, сәулет өнерінде арка мен аркада жүйесін ойлап табады. Ғылыми деректерде арка мен аркаданың этрусктерден келгенін айтады. Мүмкін. Өйткені римдіктер де өздерінің ғибадатханаларында, құлшылық орындарында дәл осы толосты тиімді қолданысқа ендірген болатын. Ордерлік жүйе сәндік мақсатта қолданылып, енді тосқандық, римдік, композиттік ордерлар пайда бола бастайды. Олар өте сәнді, әдемі, нәзік және римдік үлгісінде екі есе биік әрі үлкен етіп сомдалды. Әдетте римдік, ордерлік жүйе қабырғадан бөлек емес, қабырғамен бірге оған жапсырыла рельеф түрінде шешілетін.

Римдіктер құрылыста негізгі салмақты қабырғаға түсіргеннен кейін, арка арқылы оны теңдей бөліп отырған еді. Акведуктарда да осы арка қағидасы қолданылып, су құбырлары аркалардың жоғарғы жағынан теңдікті өте тиімді пайдалану арқылы жүргізілген болатын. Мұндай акведуктер бізге дейін өте жақсы сақталды. Б.з.д. 312 жылы қала басшылығының қолдауымен Аппий Клавди мен Гай Плавти акведук құрылысын жүргізді. Аппий негізгі су құбырының жоспарын жасап, тарихта қалады. Негізгі зерттеу жұмыстарымен айналысқан Гай Плавти есімі көп аталмайды. Акведук құрылысында бетонның әктаспен және жанартау күлімен араласқан пуцоллана атты түрі пайдаланылып, осы құрылыс материалы римдік акведуктердің бүгінгі күнге дейін сақталуына себеп болды. Бұл материал ылғалға өте төзімді болуымен кең қолданыс табады. Сондай-ақ, Цецилия Метелла мен Геркулес кесенелерінің ішкі құрылысында бетон материалы бірізді пайдаланылды. Терезесі жоқ мұндай ғимараттар ішінен мұжылып, әлдеқашан үгітіліп кетуі керек еді. Алайда, қаншама ғасыр өтсе де олар бүгінгі күнге дейін мызғымай, сол күйін сақтай жеткен еді.

Рим империясының алып территорияға билік құруына өте жүйелі негіз болған жол құрылысының бірізді салынуы болған еді. Римдіктер өздері билік құрған территорияға хат-хабарды жедел жеткізу үшін, биліктерін мығым ету үшін осындай жол құрылыстарын қолдарына алады. Мұндай жолды алғаш инженер-құрылысшы Аппий Клавдидің жоспарлап, кейін осы ғалымның атымен аталып кетеді. Алғашқы жол Б.з.д. 312 ж. тастардан қаланып салынып, бүкіл Рим территориясының барлық жерін қамтыды. Өз заманында бұл жол Римді Италияның басқа да қалаларымен біріктіріп тұрды. Сондай-ақ, римдік әскердің жорыққа шығар басты жолына айналғандығын біршама тарихи деректер дәлелдеген. Тіпті, тарихта билікке қарсы шыққандарды осы жолдың ұзын бойынан дарға асып қоятыны да белгілі. Бұл жолмен барлық адамдар жүретін болғандықтан үлгі болу үшін, солардың жасаған қателігін ешкім қайталамас үшін Римнің қатал заңы дәл осындай әдісті пайдаланған болатын. Рим мәдениетінің, сәулет өнерінің, соның ішінде акведуктер мен Аппий жолын бүгінгі күнгі Рим территориясынан да кездестіруге болады. Рим мәдениеті мұнымен тоқтап қалмайды. Сәулет өнерінде олар өте үлкен жетістіктерге жетіп, келесі бір императорлық кезеңінде жаңаша тың үлгілерін көрсетеді. Дәл сол императорлық кезеңдегі өнер үлгілерімен келесі дәрісімізде танысатын боламыз.